

Аудан әкімдігінің қаулысының күшін жою туралы

Атырау облысы Қызылқоға аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 3 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 50 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3122 тіркелген, аудандық "Қызылқоға" газетінде 2015 жылы 23 наурызда жарияланған) қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулы аудандық "Қызылқоға" газетіне жариялансын.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы М.

Абуовке жүктелсін.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Б. Әжіғалиев